

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 1439. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 168 қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензия алымын төлеудің тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 28, 337-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензия алымын төлеудің тәртібі туралы ережедегі:

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бүкіл кезең бойы тиісті кәсіпкерлік қызмет түрімен айналысуға лицензия беру үшін лицензиялық алым қосымшаға сәйкес ставкалар бойынша лицензия беру сәтіне бір жолғы тәртіпте жүзеге асырылады."

6-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*